КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 11 қыркүйек №5265-23-00-2/2031 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Д.М.Конысбаеваның төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
дара кәсіпкер «Аия» Аия Бекеш

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2.тұрақсыздықты өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі мемлекеттік мекемесінің талап қоюы – ішінара қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Аия» Аия Бекеш мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Аия» Аия Бекештен талап қоюшының пайдасына 448 (төрт жүз қырық сегіз) теңге тұрақсыздық төлемі өндірілсін.

Дара кәсіпкер «Аия» Аия Бекештен мемлекеттің пайдасына 1 740 (бір мың жеті жүз қырық) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Талаптың қалған бөлігі қанағатандырусыз қалдырылсын.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 11.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 26.10.2023, судья Конысбаева Д. М., 26.10.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтіруі мүмкін.

Судья Д.М.Конысбаева

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 11.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 26.10.2023, судья Конысбаева Д. М., 26.10.2023

5265-23-3-1/2250